

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 шілдедегі N 720 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 23 қазандағы N 1654 Қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.10.23 N 1654 Қаулысымен*

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 4 қазандағы N 1022 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., N 37, 487-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару үлгі құрылымында:

1. Облыстық әкімдік бөлімінің 22-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Туризм, дene шынықтыру және спорт басқармасы";

2. Респубикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдігі бөлімінің 24-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Туризм, дene шынықтыру және спорт басқармасы";

2. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдеріне жоғарыда көрсетілген қаулымен бекітілген үлгі құрылымға енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды ескере отырып, Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігімен келісілген басқармалардың ұсынылатын құрылымын жіберсін.

3. Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының әкімдері:

1) туристік қызмет саласындағы функцияларды Кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасынан Туризм, дene шынықтыру және спорт басқармасына беруді қамтамасыз етсін;

2) өз актілерін осы қаулыға сәйкес келтірсін;

3) осы қаулыдан туындастын өзге де шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-Министри*

*K. Мәсімов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК